Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан

АСТАНА, АҚОРДА

12/03/2013

**Мемлекеттік қызмет саласындағы аймақтық хабтың құрылтай конференциясының қатысушыларына**

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Қазақстанның қонақжай елордасы – Астанаға қош келдіңіздер!

Мемлекеттік қызметті дамыту, оның халықтың күннен күнге өсіп келе жатқан талабына сәйкестендіру кез келген үкіметтің маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Әр елдің мемлекеттік қызмет реформасының күн тәртібі халықаралық тәжірибе, аймақтық және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып өзекті мәселелерді зерделеу негізінде анықталады.

Қазақстан озық халықаралық тәжірибені белсенді зерттеуге қызығушылық танытып және сарапшылар жоғары бағалаған қазақстандық мемлекеттік қызмет моделін дамыту тәжірибесімен бөлісуге мүдделі.

Сондықтан, мен мемлекеттік қызмет саласында үздіксіз тәжірибе, білім және ақпарат алмасу үшін тиімді институционалдық базаға айналатын Аймақтық хаб құру бастамасын қолдадым.

Біз хатшылықтың тиімді жұмыс жасауына барлық жағдайлар жасап және әріптестерімізбен бірге Аймақтық хаб әлеуетін дамытуға күш саламыз.

Конференцияға қатысушыларға жемісті жұмыс тілеймін!

**Нұрсұлтан Назарбаев**